

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫМЕН «ГРАФИКА ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ» ОҚУ ПӘНІН
(10-11 СЫНЫПТАРДА) ОҚЫТУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ПРЕПОДАВАНИЮ УЧЕБНОГО ПРЕДМЕТА «ГРАФИКА И
ПРОЕКТИРОВАНИЕ» (10-11 КЛАССЫ) ПО ПРОГРАММАМ
ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

Нұр-Сұлтан
2020

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2020 жылғы 7 желтоқсандағы № 12 хаттама).

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 12 от 7 декабря 2020 года).

Білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Графика және жобалау» оқу пәнін (10-11-сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. – 164 б.

Методические рекомендации по преподаванию учебного предмета «Графика и проектирование» (10-11 классы) по программам обновленного содержания образования. – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 164 с.

Осы әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беру мазмұнын жаңарту аясында жалпы орта білім беру деңгейіндегі «Графика және жобалау» пәнінің оқу бағдарламасы негізінде әзірленді. Құралда 10-11 сыныптарға арналған «Графика және жобалау» пәні оқу бағдарламасының ерекшеліктері баяндалған, оқытуды ұйымдастырудың түрлері мен әдістері келтірілген. Сонымен қатар, практик мұғалімдер әзірлеген қысқа мерзімді жоспарлардың үлгілері берілген.

Әдістемелік ұсыныстар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге арналған.

Данные методические рекомендации разработаны на основе учебной программы по предмету «Графика и проектирование» для уровня общего среднего образования в рамках обновления содержания образования. В пособии раскрыты особенности учебной программы по предмету «Графика и проектирование» для 10-11 классов, приведены формы и методы организации процесса обучения. Даны образцы краткосрочных планов, подготовленных учителями-практиками.

Пособие предназначено для учителей общеобразовательных школ, методистам.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2020

© Национальная академия
образования им. И.Алтынсарина, 2020

Кіріспе

Бәсекелестік ортаға бейімделу қажеттілігін туындатып отырған ХХІ ғасырда халықтың «білімділік интеллекті» мемлекеттің маңызды стратегиялық ресурсы болып саналады. ЭЫДҰ-ның зерттеу нәтижелеріндегі мәліметтеріне сүйенетін болсақ, функционалдық сауаттылықтың маңызды бөлігі – ол жаратылыстану ғылымы бағытындағы сауаттылық, дағдылар болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында жастардың жаңа технологиялық қалыпқа дайындалуының маңызды шарты ретінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын білім берудің барлық деңгейлерінде күшейтуді тапсырған болатын [1]. Төртінші өнеркәсіптік революция көптеген ғылым салаларының кіріктірілуін алып келе жатқындықтан, бүгінгі ұрпағымыздың терең білімді болуын және олардың жаңа сынақтарға дайындығын талап етеді.

«Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасында жас ұрпақтың шығармашылық қабілеттерін дамыту қажеттілігі атап өтілген. «Біздің жастарымыз тек білім алып қана қоймай, өздігімен ізденуге бет бұруы қажет. Бүгінгі білім алуға басты құндылықтар шығармашылық ой, алған білімді қорыта білу, тыңнан шешім қабылдау, технологиялар мен инновациялар болып табылады. Ол үшін жаңа әдістер, оқытудың ұтымды түрлері, ізденімпаз мамандар керек» [2].

Жаңартылған білім мазмұны аясында білім берудің жалпы орта деңгейінде «Графика және жобалау» пәні оқытылады.

«Графика және жобалау» оқу пәні жаратылыстану-математикалық бағыттағы стандартты деңгейдегі таңдау пәнге жатады және білім алушылардың графикалық және жобалық қызметін қалыптастыруға, олардың зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

«Графика және жобалау» оқу пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың бейнелеу теориясының негіздерін, проекциялау және графикалық үлгілеу әдістерінің заңдылықтарын білу, жобалау, шығармашылық қызметтің дамуына, графикалық мәдениет пен дәстүрлі және қазіргі заманғы графика құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.

«Графика және жобалау» пәнін оқыту барысында білім алушылардың көрнекі (графикалық) ақпаратты беру құралы ретінде таным құралы ретінде графикалық бейнелердің жетекші қызметін түсінуді, проекциялау әдісінің заңдылықтарын, дәстүрлі және қазіргі заманғы бейнелеу құралдары туралы түсініктерді, ақпаратты құру және беру туралы білімдерді қалыптастыруды, білім алушылардың графикалық қызметтің әртүрлі түрлерімен байланысты интеллектуалдық қабілеттерін және зерттеу дағдыларын дамытуды, білім алушылардың жобалау, графикалық модельдеу және макеттеу әдістерін меңгеруді көздейді.

Жаңартылған мазмұнға сәйкес «Графика және жобалау» пәнін оқытудың білім беру мақсаттары жаңа білім беру стандартында күтілетін нәтижелер жүйесі

түрінде берілген. Пәнді меңгеру барысында білім алушылардың оқу жетістіктері сынақ түрінде бағаланады.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларының тағы бір ерекшелігі – олардың пәндік білім мен дағдыларды ғана емес, сондай-ақ, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы. Оқу мақсаттарының жүйесі келесі кең ауқымды дағдыларды дамытудың негізі болып табылады: функционалдық және шығармашылық түрінде білімдерін қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынастың әртүрлерін қолдану, жеке және топта жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының икемділігі мен жан-жақтылығы оның маңызды сипаттамасы болып табылады. Тиісті тоқсанның аясында тараулар мен тақырыптарды игеруге бөлінетін сағат санын анықтау мұғалімдердің еркіне қалдырылған.

Жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыру аясында сабақты жоспарлауда оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану ұсынылады. Яғни, озық тәжірибелерді, оқыту мен оқудағы, бағалау жүйесіндегі жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің тиімді жолдарын күшейту, оқытудағы әртүрлі сандық білім беру ресурстарын, мектепаралық желілік өзара іс-қимылды, мектепаралық оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, «мұғалімдермен алмасуды», мектептегі пәндер бойынша оқытуда жаңа технологияларды қолданудың шеберлік сабақтарын пайдалануды кеңейту қажет.

Оқушылардың графикалық бейнелерді құрастырудың әртүрлі тәсілдерін еркін меңгеруі, жобалау жұмыстарында сызба, кестелерді пайдалануы, шығармашылық ойлаудың көптеген негізгі компоненттерін қалыптастырады: визуализациялау қабілеті, эвристикалық іздеу тәсілдерін меңгеру, геометриялық-графикалық модельдеу, әртүрлі салалардағы графикалық бейнені түрлендіру. Білім алушылар өздерінің жобалау-зерттеу оқу іс-әрекетінде қол (аспаптық) және компьютерлік графиканың мүмкіндіктерін де пайдаланып үйренеді.

Әдістемелік ұсынымдар «Графика және жобалау» пәнінен сабақ беретін педагогтерге көмек құралы ретінде әзірленді.

1 «Графика және жобалау» пәні бойынша (10-11-сыныптарда) жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының ерекшеліктері

«Графика және жобалау» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген [3].

Жаңартылған білім мазмұнын енгізу аясында жалпы орта білім беру деңгейінің Үлгілік оқу жоспарына сәйкес «Графика және жобалау» пәні жаратылыстану-математика бағытындағы 10-11 сыныптардағы инварианттық компоненттің стандарттық деңгейдегі таңдау пәні ретінде оқытылады [4].

Жаңартылған мазмұндағы жаратылыстану-математика бағытындағы 10-11 сыныптарға арналған «Графика және жобалау» пәні үлгілік оқу бағдарламасының құрылымын, базалық мазмұнының ерекшеліктерін қарастырайық [5].

I. Үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары үш тараудан тұрады. Сонымен қатар оқу бағдарламаларына қосымша ретінде Ұзақ мерзімді жоспар берілген.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы тарауларының атаулары 1-сызбасымен көрсетілген.



1-сызба – Үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы

Осы тараулардың әрқайсысына тоқталайық.

1-тарау.

Тарауда пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері көрсетілген.

2-тарау.

Екінші тарауда алдымен жалпы орта білім беру деңгейінің үлгілік оқу жоспарына сәйкес 10-11 сыныптарда «Графика және жобалау» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі көрсетілген (1-кесте).


1-кесте – Оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат	
		Апталық	Жылдық
10	Графика және жобалау	2	68
11	Графика және жобалау	2	68

Сонымен қатар, екінші тарауда оқу пәніне байланысты базалық мазмұн қандай бөлімдерді қамтитыны, әр бөлім қандай бөлімшелерден тұратыны көрсетілген.

Әр сынып бойынша осы бөлімдер мен бөлімшелерді қарастырайық.

10-11-сыныптардағы «Графика және жобалау» оқу пәнінің мазмұны сегіз бөлімнен тұрады (2-сызба).



2-сызба – «Графика және жобалау» оқу бағдарламасының бөлімдері


Бөлімдер бөлімшелерден тұрады, ал бөлімшелер үлгілік оқу бағдарламасының үшінші тарауында берілген оқыту мақсаттарымен тығыз байланысты. Сондықтан бөлімшелердің атауларын оқыту мақсаттарымен, яғни үшінші тарауда қарастырамыз.

3-тарау.

Бұл тарау күтілетін нәтижелер (біліктер немесе дағдылар, білім немесе түсініктер) түрінде берілген оқыту мақсаттарына арналған. Оқыту мақсаттары кодтық белгімен көрсетілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында «10» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқыту мақсатының реттік саны.

Оқыту мақсаттарының берілуін бөлімшелерді қарастыра отырып талдайық.

«Ақпаратты визуалдаудың графикалық әдістері мен құралдары» бөлімінің бөлімшелері 10-11 сыныптарда бірдей бөлімшелерден тұрады (3-сызба).



3-сызба – «Ақпаратты визуалдаудың графикалық әдістері мен құралдары» бөлімі

«Ақпаратты визуалдаудың графикалық әдістері мен құралдары» бөлімінің осы бөлімді игеруге қойылатын оқу мақсаттары сыныптан сыныпқа көшкен сайын кеңее түседі. Мысал ретінде, осы оқу бағдарламасындағы «Сызбадағы геометриялық құрылым» бөлімшесінің оқу мақсаттарын қарастырайық. Осы бөлімшенің әр сынып бойынша оқыту мақсаттары 2-кестемен берілген.

2-кесте – «Сызбадағы геометриялық құрылым» бөлімшесінің оқу мақсаттары

«Сызбадағы геометриялық құрылым» бөлімшесі	
10-сынып	11-сынып
10.1.4.1 - сызбада геометриялық құрылымдарды (кесіндіні бөлу, шеңберлерді және бұрыштарды тең бөліктерге бөлу) әртүрлі сызба құралдарымен орындау;	11.1.4.1 - 2D объектілерін (геометриялық салулар, түйіндесу) жасау үшін растрлық, векторлық кестенің түрлерін таңдау және технологияларын білу;

10.1.4.2.- овал, қисық сызықтар және әртүрлі түйіндесу сызбаларын орындау тәсілдерін көрсету	11.1.4.2 - 2D объектілерін құрастыру барысында клипарттар, кітапханалар, үлгілерді пайдалану; 11.1.4.3- расторлы және векторлы графикада 2D объектілерін (сызба әріптері, сызба сызықтары, геометриялық құрылым, түйіндесулер) жасау үрдісін оңтайландыру және жеделдету, кескіндерді баспада басып шығару технологияларын пайдалана білу және қолдану
--	---

«Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру» бөлімінің бөлімшелері 10-11 сыныптарда бірдей бөлімшелерден тұрады (4-сызба).



4-сызба – «Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру» бөлімі

«Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру» бөлімінің осы бөлімді игеруге қойылатын оқу мақсаттары сыныптан сыныпқа көшкен сайын кеңее түседі. Мысал ретінде, осы оқу бағдарламаларындағы «Заттың сызбаларын оқу және орындау» бөлімшесінің оқу мақсаттарын қарастырайық. Осы бөлімшенің әр сынып бойынша оқыту мақсаттары 3-кестесімен берілген.

3-кесте – «Заттың сызбаларын оқу және орындау» бөлімшесінің оқу мақсаттары

«Заттың сызбаларын оқу және орындау» бөлімшесі	
10-сынып	11-сынып
10.2.3.1. - бұйымдардың геометриялық формасының қасиеттерін ескере отырып, сызбаға өлшемдерді қоюды білу және қолдана алуын көрсету; 10.2.3.2 - сызбада шарттар және жеңілдетулерді пайдаланып, проекциялау тәсілдерін қолдану туралы терең білімдерін көрсету;	11.2.3.1 - 3D моделін визуализациялау түрлерін анықтау және таңдау (аксонометриялық проекция, техникалық сурет), жиынтық бірліктер; 11.2.3.2 - көлемді денелерді (призма, пирамида, цилиндр, конус, сфера, тор) және үстіртін модельдеуді салыстыру (күрделі формаларды) және құрастыру тәсілдерін таңдау;

10.2.3.3 -бұйымдардың геометриялық формаларын талдау барысында сызбаларды оқу және орындау

11.2.3.3 - визуалдау үдерісінде бұйымның текстурасы мен фактурасын көрсету

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Графика және жобалау» пәні графикалық бейнелеу және геометриялық-графикалық модельдеу теориясы негіздерін оқытуға, білім алушылардың жобалау бойынша шығармашылықтарын дамытуға, олардың графикалық мәдениеттерін қалыптастыруға бағытталған деп көрсетілген [3].

Осыған орай, «Графика және жобалау» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында «Шығармашылық тапсырмалар» және «Жобалау және жобалау графикасы» атты бөлімдер берілген.

«Жобалық қызметке жалпы даярлықтарын дамытатын жаттығулар» және «Жобалық іс-әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар» атты бөлімшелерде мынадай оқыту мақсаттары қамтылған:

10.7.1.1 - қызық есептер (мысалы: пропедевтикалық, эвристикалық) шығару барысында ұтымды жолдарды ұсыну

11.7.1.1 - компьютерлік графика құралдарын пайдаланып графикалық модельдеу бойынша қолданбалы және шығармашылық тапсырмаларды орындау

11.7.2.1 - техника/дизайн/сәулет салалары бойынша жобалық іс-әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмаларды түрлі графика құралдарымен (қолмен орындалатын/ компьютерлік графика/макеттеу) орындау.

11-сыныпта ғана қарастырылатын «Жобалау және жобалау графикасы» бөлімі «Жобалау әдістері» және «Шығармашылық идеяларды визуалдау» бөлімшелерінің оқыту мақсаттары төмендегідей:

11.8.1.1 - әртүрлі саладағы жобалау әдістерімен танысу және кезеңдерін анықтау;

11.8.1.2 - жобалау нысандарына қойылатын негізгі эстетикалық, функциялық талаптарды анықтау

11.8.2.1 - техникалық құжаттамалардың түрлеріне байланысты олардың құрамын және олардың ерекшеліктерін білу және ажырата алу;

11.8.2.2 - шығармашылық идеяларды визуалдаудың әртүрлі құралдарын (эскиз, макет, сызба) білу және қолдану

Жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасында әр тарауды игеруге арналған сағат саны көрсетілмеген. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылған. Бұл шешім оқу-әдістемелік бірлестігінің отырысында қабылдана алады. Жоспарлау кезінде мұғалімдер бекіту және қайталау сабақтарын ескерулері тиіс. Ең бастысы бір тоқсанда көрсетілген материал сол тоқсанда игерілуі керек.

2 «Графика және жобалау» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері

Білім беру стратегиясы мемлекетпен анықталады және ҚР «Білім туралы Заңында» және білім саласындағы басқа да нормативтік құжаттарда жазылған. Атап айтқанда, жалпы орта білім деңгейіндегі жаратылыстану-математика бағытындағы 10-11 сыныптарға арналған инварианттық компоненттің стандарттық деңгейдегі таңдау пәні ретінде оқытылатын «Графика және жобалау» пәнінің Үлгілік оқу бағдарламаларында жаңартылған білім мазмұны бойынша пәнді оқытудың ең маңызды міндеттерінің бірі ретінде білім алушылардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға назар аударылған [5].

«Графика және жобалау» пәнін оқытуда материалдық, жазықтықтағы (қағаздағы) көрінетін объектілер, ал графикалық визуализациялауда аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін қалыптастыру және дамытуды қамтитын ой қызметі нәтижесінің кеңістіктік көрінісі қарастырылады. Бұл оқушылардың графикалық бейнелерді құрастырудың әртүрлі тәсілдерін еркін меңгеріп, содан кейін ойды немесе ақпаратты графикалық бейнелеу құралдарының көмегімен жеткізе алу қабілетін қалыптастырады.

Жобалау оқу іс-әрекетінде кестені пайдалану жалпы графикалық мәдениетті қалыптастыруға, сондай-ақ олардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Жобалық және графикалық бейнелеу оқу іс-әрекетінде шығармашылық ойлаудың көптеген негізгі компоненттері қалыптасады: тақырыпты визуализациялау қабілеті, эвристикалық іздеу тәсілдерін меңгеру, геометриялық-графикалық модельдеу, әртүрлі графикалық бейнені түрлендіру.

Жоғарыда айтылғандар «Графика және жобалау» оқу пәнін оқытудың негізгі мақсаттарында жалпыланған - графикалық кескіндер теориясының негіздерін оқу және геометриялық-графикалық модельдеу әдістерін меңгеру, білім алушылардың жобалау шығармашылық қызметін, олардың графикалық мәдениетін қалыптастыру және дамыту.

Оқу бағдарламасында оқу процесін ұйымдастырудың логикасын анықтайтын графикалық бейнелеу оқу іс-әрекетінің негізгі тәсілдері көрсетілген. Олар:

- бейнелерді репродукциялау (сурет масштабын өзгерту);
- бейнелерді қайта құру (ішінара бейнелер бойынша объектінің бейнесін қалпына келтіру);
- суреттерді түрлендіру (проекциялау әдістерін өзгертумен);
- бейнелердің түрі мен құрамын өзгерту (бейнелерді ауыстыру);
- заттарды бейнелер бойынша түрлендіру (пішіні мен кеңістіктік орналасуын өзгерту);
- графикалық модельдеу (графикалық құрастыру, жобалау).

Білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау әртүрлі жағдайларда бейнелерді түрлендіру бойынша графикалық жұмыстың негізгі

тәсілдерін меңгеру деңгейін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Мұғалім оқу іс-әрекетінің негізгі нәтижелерін ескере отырып, білім алушыға қолдау көрсету үшін бағалау критерийлері мен оқу тапсырмаларын дербес әзірлей алады. «Графика және жобалау» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, тоқсанның және оқу жылының соңында «есептелінді» немесе «есептелінген жоқ» деп сынақ қойылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін мониторингілеу құзыреттілікті қалыптастыру үшін арнайы әзірленген тапсырмалар жүйесінің (жобалық жұмыс элементтері бар шығармашылық графикалық есептер) көмегімен жүзеге асырылуы тиіс.

«Графика және жобалау» оқу пәнінің білім беру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша негізгі әдістемелік талаптар:

- білім алушылардың қолданбалы, шығармашылық графикалық есептерді шешу үшін суреттер теориясы бойынша білімді меңгеру беріктігі;

- бейнелік (кеңістіктік), логикалық, абстрактілі және шығармашылық ойлауды дамыту үшін графикалық есептердің әртүрлі жоспарлы жүйелерін қолдану;

- білім алушылардың интеллектуалдық қабілетін белсендіру үшін әртүрлі графикалық жұмыс түрлерін кезектестіру (қабылдау, салыстыру, қайта құру және бейнелерді түрлендіру);

- білім алушылардың кеңістіктік ойлауын дамытудың белсенді құралы ретінде графикалық модельдеу, ойша эксперименттеу әдісін сабақта үнемі қолдану;

- білім алушылардың жобалау-зерттеу қызметінде графикалық бағдарламалық құралдарды кеңінен қолдану.

10-11-сыныптарда «Графика және жобалау» пәнінің енгізілуімен бірге білім алушылардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға қойылатын талаптар да жоғарылады.

Пәнді оқыту барысында мұғалімдер келесідегідей оқытудың белсенді технологияларын қолдану арқылы тұлғаның қасиеттерін дамытуға назар аударғаны маңызды:

- оқушылардың жеке пікірін тыңдай білу, олардың білімдері, біліктері мен дағдыларын одан әрі дамыту мақсатында алған білімдерін қолданудың маңыздылығын құптау;

- мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы оқушыларды дамыта оқыту;

- оқушылардың білім алуына «оқыту үшін бағалау» арқылы қолдау көрсету;

- оқушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуіне және зерттеу әдіс-тәсілдеріне негізделген белсенді оқытуды қолдау;

- оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

- оқушылардың жеке, топтық және сыныптың барлық оқушыларымен жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

«Графика және жобалау» пәнін оқытудағы педагогикалық тәсілдер:

- проблемалық оқыту;
- топпен жұмыс;
- өзара оқыту (сынып ішінде және сыныптар арасында);
- практикалық және шығармашылық жұмыстар (ермексаз, шыны, ағаш, түрлі геометриялық модельдердің конструкторы сияқты материалдармен жұмыс істеу);
- жартылай ізденіс әдісі (іздеуді, қосымша материал қолдануды қажет ететін есептерді шешу);
- зерттеу әдісі (мен не білемін, нені білгім келеді, неге үйрендім);
- белсенді оқыту әдістері;
- саралап оқыту;
- оқушылардың оқу жетістігіне жүйелі мониторинг жасау;
- құндылықтарға бағытталған оқыту;
- жеке тұлғаға бағытталған оқыту.

«Оқыту әдісі» ұғымы дидактикалық мақсаттарға сәйкес оқыту үдерісінде мұғалімнің оқу жұмысы мен оқушылардың танымдық іс-әрекеті жолдарына байланыстырыла шешілетін оқу іс-әрекетінің міндеттерін бейнелейді.

Демек, оқыту әдістері – оқыту міндеттерін, яғни дидактикалық міндеттерді шешуге бағытталған мұғалім мен оқушылардың біріккен іс-әрекетінің жолдары болып табылады. Сонымен бірге дидактикада оқыту «тәсілдері» ұғымы кеңінен қолданылады.

Оқыту әдістері – күрделі, көп жақты, көп салалы құбылыс. Оқыту әдістері арқылы объективтік заңдылықтар, мақсаттар, мазмұн, принциптер, оқыту формалары бейнеленеді. Оқыту әдістері оқу-тәрбие үдерісінде үйретуші, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы (мотивациялық) және бақылаушы-түзетуші қызметтерді атқарады.

Әдістер көмегімен оқыту мақсаты жүзеге асырылады, яғни бұл – үйретуші функцияның байқалуы, оқушылардың даму деңгейі мен қарқыны қамтамасыз етілетін – дамыту функциясы, сол сияқты тәрбие нәтижелерінің анықталуы – тәрбиелік функцияның жүзеге асырылуы болып табылады. Әдістер мұғалім үшін оқушыларды оқуға ұмтылдырушы құрал ретінде қолданылады, ал кейде танымдық іс-әрекетті ынталандыру қызметін атқарады. Бұл оның ынталандырушы рөлін атқаруы.

Оқытуды ұйымдастыру әдісі – білімді игеру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған мұғалім мен оқушының бірліктегі іс-әрекеттік қимыл-тәсілдері. Оқу мақсаты жолындағы ұстаздың оқыту жұмысы мен шәкірттің оқып-үйрену әрекеттерінің өзара байланыстылығы осы оқу әдісінен көрінеді. Қандай болмасын оқыту әдісі, - дейді И.Я. Лернер, - оқушылардың білім мазмұнын игеруін, сөйтіп оқыту мақсатына жетуді қамтамасыз етерлік олардың танымдық, әрі практикалық әрекетін ұйымдастыратын белгілі нысанға бағытталған мұғалім әрекетінің жүйесі болып табылады.

Оқыту – жеке адамның қалыптасуының, ақыл-ойы мен жалпы білімін дамытудың маңызды құралы. Ол белгілі бір жүйеде және жоспар бойынша, мұғалімнің басшылығымен, нақты мақсатқа бағытталған процесс болып

табылады. Пәнді оқыған кезде білім алушылар білімнің жиынтығын меңгереді және сол саламен тығыз байланысты білік пен дағдыға ие болады.

Осығын сәйкес оқытуды тиімді ұйымдастыру арқылы болашақ ұрпақтарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру қоғамның басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Сондықтан да қазіргі мектептің құрылымы мен білім беру мазмұнында болып жатқан өзгерістер оқу - тәрбие үрдісін жетілдіруге жаңа талаптар қояды. Сондықтан осыған сәйкес жаңартылған білім мазмұны мектептерде жүзеге асырылуда.

Жаңартылған оқу бағдарламасында пән мазмұнын жобалаудың күрделілік ұстанымы, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейтіліп (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру) жасалынған. Таным заңдылығы мен пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдысының деңгейлік жіктелімдеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы сақталған.

Бағдарламада қазіргі өмірде қолданылатын кең ауқымды дағдыларға көп көңіл бөлінеді. Бұл дағдылар жалпыадамзаттық және этномәдени құндылықтарға негізделе отырып, оқушыларға оқудағы, сондай-ақ өмірдегі проблемаларды шешуіне мүмкіндік береді. «Кең ауқымды дағдылар» келесі іс-әрекет түрлерінен тұрады: білімді шығармашылықпен қолдану; сыни тұрғыдан ойлау; зерттеу жұмыстарын орындау; АКТ қолдану; тілдік дағдылармен бірге қарым-қатынастың коммуникативтік тәсілдерін қолдану; топта және жеке жұмыс жасау біліктілігі.

Білім беру деңгейлері және тұтас оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттардың пәнішілік байланыстары ескерілген. Бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы және әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назар аударылған. Оқу процесі ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар түрінде технологияландырылған.

Жалпы орта білім беретін МЖМООББС сәйкес білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптар пән бойынша оқушылардың тұлғалық, жүйелік-әрекеттік және пәндік нәтижелерге жетуіне бағытталған.

Бағдарлама мазмұны оқушылардың пән бойынша ілім жүйесінің негіздерін меңгеру, оларда тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыру, тұлғаның өзін-өзі таныту және кәсіби бейімделу, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, тұлғаның зияткерлік, адамгершілік-рухани дамуына бағытталған.

Ұсынылған бағдарламада оқыту формалары, әдістері мен технологиялары әлемдік инновациялық оқыту тәжірибесін және оқушылардың бойында оқуға деген қызығушылық тудыратын заманауи білім беру технологияларын қолдану есебінен жаңартылған.

Білім беру нәтижелеріне қол жеткізу табыстылығын қамтамасыз ететін логикалық, сыни және конструктивті ойлау негіздерін, алынған білімді оқу және

тәжірибелік іс-әрекетте пайдалану іскерлігін қалыптастыру мақсатында тиімді оқыту формалары мен әдістері енгізілген.

Сынып ұжымын жаппай оқыту формасынан интерактивті, инновациялық, жобалық-зерттеу технологиялары, сандық инфрақұрылымды қолдана отырып, әр оқушының жеке білім алу траекториясын жүзеге асыруға көшу қамтамасыз етілген.

Жалпы алғанда бағдарлама мазмұны, оқыту формалары мен әдістерінің жаңартылуы мұғалім мен оқушылар арасында серіктес және тату қатынастар қалыптастыруға септігін тигізеді. Білім алушылардың қолайлы дамуы үшін достық қарым-қатынастағы ортаны құру өте маңызды болып табылады.

Білім мазмұнын жаңарту аясында:

- энциклопедиялық сипаттағы фактологиялық материалды беруге бағытталған оқытудан, акцентті ақпарат алу тәсілдерін үйретуге ауыстыру;

- ынтымақтастыққа және дербестікке қабілетті тұлғаны әлеуметтендіру;

- ақпаратты өздігінен алу, талдау және тиімді қолдану дағдысын қалыптастыру;

- оқу бағдарламаларында көрсетілген білім мазмұны анықталатын білім салалары бойынша және қызмет аспектілерін көрсететін күтілетін нәтижелерге көңіл аударатын оқу процесін дәстүрлі ұйымдастырудан бас тарту көзделеді, яғни оқушылар:

- «біледі»,

- «түсінеді»,

- «қолданады»,

- «талдайды»,

- «жинақтайды»,

- «бағалайды».

Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуде қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады. Оқыту әдістерінің басты қызметі – оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру.

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белсенділігін арттыру мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланып сабақ өткізудің көптеген мүмкіншіліктері бар.

Осы заманғы педагогикалық процесте қолданылатын әдістер саны, түрі орасан көп.

Белсенді оқыту әдістері – оқушылардың оқу үдерісіне жоғары дәрежеде қатысуын сипаттайтын, қойылған міндеттерді атқаруда олардың танымдық және шығармашылық іс-әрекетін жандандыратын әдістер.

Белсенді оқыту әдістерінің айрықша ерекшеліктері:

- ойнаудың мақсатты жандануы, оқушы өз қалауына қарамастан белсенді болуға мәжбүр болады;
- оқушылардың оқу үдерісіне жеткілікті шамада ұзақ уақыт қатысуы, өйткені, олардың белсенділігі қысқа мерзімді не эпизодтық емес, айтарлықтай дәрежеде тұрақты және ұзақ болуы тиіс (яғни бүкіл сабақ бойы);
- үйренушілердің дербес шығармашылық шешімдерді әзірлеуі, жоғары ынта мен эмоция деңгейі;
- оқуға ынталандыру.

Белсенді оқыту әдісінің нақты түрін таңдай отырып, оның мүмкіндіктерімен қатар оны әзірлеу және қолдану барысында туындайтын ұйымдастырушылық және мазмұндық қиындықтарды, сонымен қатар оқу үдерісінің жүзеге асырылу шарттарын да ескеру қажет.

Ең көп таралған белсенді оқыту әдістерін қарастырайық.

Проблемалық лекция оқушылардың дербес шығармашылық жұмысы, бақылау сұрақтары, қарастырылатын материалды талқылау және басқа да тәсілдер шынымен қамтылған жағдайда пайдалы болады. Оқушыларды әртүрлі деңгейде қатыстыра отырып, оқу проблемаларын қалыптастыру және шешу проблемалық лекцияның айқындаушы нышаны болып табылады.

Проблемалық ситуация оқушының ақыл-ой әрекетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, онда салыстыру, іздестіру тәсілдерін пайдалануды қажет етеді.

Интерактивті оқыту әдісі. Интерактивті («inter» – өзара, «act» – әрекет жасау) біреумен өзара әрекеттесу, әңгіме, диалог режимінде болу дегенді білдіреді. Басқаша айтсақ, белсенді әдістерге қарағанда интерактивті әдістер оқушылардың мұғаліммен ғана емес, бір-бірімен кеңінен өзара әрекеттесуіне және оқыту үдерісінде оқушылардың белсенділігінің басымдылығына бағытталады. Ерекшелігі – оларды орындай отырып, оқушылар бұрын оқылған материалды бекітіп қана қоймайды, жаңа материалды меңгереді.

Интерактивті оқыту әдістерінің міндеттері:

- өздігінен ізденуге, ақпаратты талдау және жағдайды дұрыс шешуге үйрету;
- командамен жұмыс істеуге үйрету: өзге адамның пікіріне құрметпен қарау, оның көзқарасына төзімділік таныту;
- белгілі бір фактілерге сүйеніп өз пікірін қалыптастыруға үйрету.

Бірақ, әрине барлық жоғарыда айтылғандар интерактивті әдістерді ғана пайдалану керек дегенді білдірмейді. Оқыту үшін білімнің барлық деңгейлері мен әдістердің барлық түрлері маңызды.

Үлгілік оқу бағдарламасы білім алушының белгілі бір көлемдегі білімдерді алып қана қою емес, оқушылардың бойында сыни тұрғыда ойлау мен функционалды сауаттылықты қалыптастыруды қамтитын нақты оқу мақсаттарына оқушылардың қол жеткізуіне бағытталған.

Сыни тұрғыдан ойлау – негізделген тұжырымдарды қорыта отырып заттар мен оқиғаларды талдауда қолданылатын пайымдаулар жүйесі және негізделген

бағалауды жасауға, сонымен қатар шыққан нәтижелерді жағдайлар мен мәселелерге қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда оқу процесіне сыни тұрғыдан ойлауды дамыту тәсілдерін енгізу қажеттілікке айналып отыр. Осы орайда практик мұғалімдерді қандай да бір тақырыпты игеруде тәсілдердің түрін және тақырыпқа байланысты оның мазмұнын анықтауда әдістемелік қамтасыз ету қажеттігі туындауда.

Алдымен проблемалық сұрақтар қою арқылы оқушылардың өздігінен игеру жұмысын ұйымдастыруға болатын жаңа тақырыптар анықталады.

Қазіргі заманның талабы – шығармашылықпен өз бетінше жұмыс істейтін, өзгермелі өмірде бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, құзіретті тұлға тәрбиелеу.

Құзыреттілік тәсіл жағдайында оқу жетістіктерін бағалау – жеке, өте маңызды әдістемелік проблема. Ғалымдардың пікірінше, адамның бойында өз іс-әрекеті мен оның нәтижелерін өздігінен бағалай алу қалыптасса, дәл сол уақытта ол құзыретті болып табылады. Мұндай мүмкіндік сабақта білім алушыларды критериалды бағалау кезінде пайда болады.

Критериалды бағалау, ол – білім алушылардың оқу және дүниетанымдық біліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін нақты анықталған, бір-біріне сәйкес келетін білімнің мазмұны мен мақсаты, сонымен қатар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін алдын ала анықталған критерийлер.

Критерийлер – пәннен нақты тақырыпты меңгеру барысында білім алушылардың орындайтын іс-әрекеттері, яғни оқу мақсатын жүзеге асыруға арналған өлшемдер.

Критериалды бағалау, ол – білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал ететін, тиісті білім беру мақсаты мен мазмұны, барлық процеске қатысушыларға алдын-ала белгілі, ұжыммен әзірленген, анық айқындалған критерийлері бар, білім алушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Критериалды бағалаудың қызметтері:

- оқытушылық;
- бақылаушылық;
- дамытушылық;
- тәрбиелеушілік;
- диагностикалық;
- уәждемелік.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

- оқу процесінің әрбір кезеңінде әр білім алушының дайындық деңгейін анықтау;

- оқу бағдарламасына сәйкес оқыту нәтижелерін және білім алушылардың қысқа мерзімді мақсаттарға жетулерін талдау;

- білім алушының дамуының жеке траекториясын түзету және жеке прогресс мониторингі;

- оқу бағдарламасын меңгерудегі бар кемшіліктерін жоюға білім алушыларды ынталандыру;

- әртүрлі іс-әрекеттерді орындағаны үшін алған бағалардың маңыздылығын саралау;

- оқу бағдарламасы тиімділігінің мониторингі;

- оқу материалын игеру және оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім, білім алушы және ата-аналар арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету.

Критериалды бағалаудың практикалық маңыздылығы келесі артықшылықтармен анықталады:

- білім алушының жұмысы ғана бағаланады;

- білім алушының жұмысы, оларға алдын-ала белгілі бағалау критерийлері бойынша тексеріледі;

- білім алушыға өз оқуының жетістік деңгейін өзі анықтауына болатын бағашығарудың нақты алгоритмі белгілі және ата-аналарына өзі ақпарат бере алады;

- білім алушыларға баға олар не оқып білді соған ғана қойылады, өйткені бағалау критерийлері оқу мақсаттарының нақты көрінісін көрсетеді.

Критериалды бағалаудың бір түрі қалыптастырушы бағалау екені белгілі. Қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын құрастыру барысында мұғалім әр тапсырмада көрсетілетін дескрипторларға үлкен мән беруі қажет.

Критериалды бағалау барысында білім алушылар:

- өздерінің танымдық және ойлау қабілеттерінің деңгейін арттыру үшін оқытудың әр түрлі әдістерін қолдану;

- жаңа білімді меңгеру барысында табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсіну;

- сын тұрғысынан ойлау, өз ойын еркін айту, білімін көпшілік алдында көрсету (ұсыну), өзін-өзі және сыныптастарын бағалау арқылы кері байланыс орнату;

- өздігінен жаңа білім алу, оқу әрекетін ұйымдастыру, мақсат қою, жоспарлау, өзін-өзі бақылау және өз әрекетінің нәтижесін бағалау, өз әрекетінің нәтижесі болуы мүмкін нәтижелерді алдын-ала болжау дағдыларын меңгеру;

- бастапқы фактілер мен болжамдарды, теориялық модельдер мен нақты нысандарды түсіндіру үшін, олардың арасындағы айырмашылықты түсіну;

- белгілі фактілерді түсіндіру және ұсынылған болжамды эксперименттік жолмен тексеру, процестер мен құбылыстардың теориялық модельдерін әзірлеу үшін болжамдар мысалында ыңғайлы оқу әрекетін меңгеру;

- қабылдау, өңдеу және ақпаратты сөз, образдық, белгілік түрлерде беру, алынған ақпаратты қойылған мақсатқа сәйкес талдау және қайта өңдеу дағдыларын қалыптастыру;

- оқыған мәтіннің негізгі мазмұнын белгілеу, қойылған сұраққа мәтіннен жауап табу және мәтіннің мазмұнын баяндау;

- танымдық мақсаттарды жүзеге асыру үшін ақпараттың жаңа технологияларын, өз бетінше іздеу, талдау және іріктеп алу үшін түрлі ақпарат көздерін пайдалану;

- монологтік және диалогтік сөйлеуді дамыту, өз ойын жеткізу және сұхбаттасушысын тыңдай білу білігі, оның көзқарасын түсіну, басқа адамның ойларын қабылдау;

- ерекше жағдаяттарда қажет болатын әрекет түрлерін, проблемаларды шешу әдістерін және эвристикалық әдістерді меңгеру;

- әлеуметтік түрлі рөлдерді орындау арқылы топта жұмыс істеу білігін қалыптастыру, оқыту және өз көзқарасы мен пікірін қорғау, пікірталас жүргізу мүмкіндігіне ие болады.

Мұғалім критериалды бағалау жүйесін қолдану үшін сыныптағы білім алушылардың дайындық деңгейін және ерекшеліктерін ескере отырып, пәннің оқу мақсаттарына сәйкес «білу және түсіну», «қолдану», «сыни ойлау және зерттеу», «коммуникация мен рефлексия» және т.б. критерийлері бойынша дескрипторлар әзірлеуі тиіс. Әр критерий оқушының тапсырманы орындауын жүйелі бағалануына мүмкіндік беретін дескрипторлардан тұрады, сонымен қатар білім алушылар осы дескрипторларға сүйене отырып өз жұмысының нәтижесін бағалай алады.

Критериалды бағалау нәтижелері білім беру үдерісін тиімді жоспарлау мен ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

Оқытудың әдістері мен формалары қолданада отырып, мұғалім сабақ барысында білім алушыларға қалыптастырушы бағалау бойынша беретін тапсырмаларды жан-жақты қарастыруы қажет.


Мысал ретінде, жеке және топтық жұмыстарды ұйымдастыра отырып, білім алушыларға берілетін қалыптастырушы бағалаудың тапсырмаларына мысалдар келтірейік.

«Серпілген сауал» әдісі

1-тапсырма. Жеке орындауға арналған сызба құралдарына байланысты сұрақтардан тұратын тапсырма.

1. Сызба құралдарын атап беріндер.
2. Сызба құралдарын пайдаланып қандай сызықтар сызылады?
3. Қолдану орына қарай қарындаштардың түрлерін атаңдар.

2-тапсырма. Сызба құралдарын пайдаланып, түзу түрлі сызықтар сызыңдар. Қарындаш түрлерін қолданылу орнына қарай пайдаланыңдар.




Дескрипторлар:

- қарындаш түрлерін ажыратады;
- графикалық жұмыс барысында сызу құрал-саймандарымен жұмыс жасау дағдыларын көрсетеді.

«Көшбасшы» әдісі

3-тапсырма. (фигураларды орындауда топ мүшелері келісіп тапсырманы бөліп алып құрылымдалған топта жұмыс жасайды).

Геометриялық фигуралардың түрлерін атаңыздар, сызба аспаптарын пайдаланып, сызықтарды түрлендіре отырып орындаңыздар (фигура өлшемдері өз қалауларыңызбен алынады).



Фигураны атағанда бармақпен бағалау:

- дұрыс;
- бұрыс.

«Кім жылдам» ойыны

4-тапсырма. Сұрақ-жауап:


1. А 0 пішімінің өлшемі
2. А 1 пішімінің өлшемі.....
3. А 2 пішімінің өлшемі
4. А 3 пішімінің өлшемі.....
5. А 4 пішімінің өлшемі

Пішімнің өлшемі аталғанда бармақпен бағалау:

- дұрыс;
- бұрыс.


«Эксперимент» ойыны

5-тапсырма. Топтарға ұялы телефон жарығын қолданып әртүрлі геометриялық фигуралардан, қарапайым заттардан (кітап, қаламсап, шырпы қорабы т.б.) тәжірибе жүргізуді тапсыру.



«Идеялар себеті» ойыны

6-тапсырма. Саралау тапсырмасы: әр оқушы өз ойларын себетке жазып салады.



Дескрипторлар:

- графикалық жұмыс барысында стандарт бойынша сызба ережелерін сақтап, қолданады.
- сызбаға өлшемдерді түсіреді.



7-тапсырма. Берілген тапсырманы M2:1 масштабында орындаңдар.

Кішірейту масштабтар – 1:2; 1:2,5; 1:4; 1:5

Үлкейту масштабтар – 2:1; 2,5:1; 4:1; 5:1


Нақты өлшем – 1:1

Масштабтарды былайша жазып көрсетеді: M1:1; M1:2; M5:1




8-тапсырма. Саралау тапсырмалары.


(A) 1. Кесіндіні тең n бөліктерге бөліңдер.




2. Шеңберді тең екі, үш, төрт бөліктерге бөліңдер.




(B) 1. Кесіндіні тең екі немесе төрт бөлікке бөліңдер.




2. Шеңберді тең 6, 12 бөліктерге бөліңдер.



(C) 1. Кесіндіні тең n бөліктерге бөліңдер.



2. Шеңберді тең 5 бөлікке бөліп, жұлдызша салыңдар.



Дескрипторлар:

- қажетті құралдарды дұрыс қолданады;
- графикалық жұмыс барысында шеңберді және кесіндіні тең бөліктерге бөлу жолдарын анықтайды, орындайды.

«Көшбасшы және тыңдаушылар» әдісі 9-тапсырма. Презентациямен таныстыру



Стандарттар туралы ұғым

Стандарт - ағылшын тілінен аударғанда «үлгі» мағынаны білдіреді, яғни «сондай», «бірдей».

КҚБЖ стандарты - конструкторлық құжаттардың бірыңғай жүйесі - дегеніміз барлық елдер үшін ортақ құрылған бірыңғай конструкторлық құжаттар жүйесі болып табылады. Ол құжаттар жүйесі мынадай топтарға бөлінеді: жалпы және негізгі жағдайы; бұйымдар мен конструкторлық құжаттардың бөлінуі; сызбаларды орындаудың жалпы ережелері; машина жасау бұйымдары мен аспап жасау ережелері; конструкторлық құжаттарды тіркеу, сақтау және пайдалану ережелері; бұйымдарды пайдалану және жөндеу құжаттарының ережелері; сызбаларды орындау ережелері; құрылыс және немер жасау құжаттарын орындау ережелері.


ФОРМАТТАР-ПІШІМДЕР

(КІ БЖ 2.301-68*)


ПІШІМ-ФОРМАТ - кез келген сызбаны орындау үшін, алдымен стандарт арқылы өлшемдері шектелген сызба қағазы

Күнделікті сабақта негізі А4 пішімін қолданасындар: 297 x 210 мм өлшемдегі.

Стандарт бойынша пішімдер негізгі



Негізгі жазудың өлшемдері



Негізгі жазу үлгісі

Сызыған	Асанов М.	10.10.07	Аралық төсем
Тексерген			
Мектеп	кл.	Резіңке	1:1 №3

СЫЗЫҚ ТҮРЛЕРІ

1. Тұтас жуан негізгі сызық
2. Тұтас жіңішке сызық
3. Үзілме сызық
4. Жіңішке нүктелі үзілме сызық
5. Тұтас ирек сызық

4. Жуандатылған нүктелі үзілме сызық


7. Жіңішке қос нүктелі үзілме сызық

8. Тұтас жіңішке іріксізді сызық




1. Тұтас жуан негізгі сызық.

Бұл сызықтың жуандығын 5 латын әрпі деп белгіленеді. 0,5мм-1,4мм-ге дейін аралықта алынады. Сызбадағы сызықтардың жуандықтары бірдей болуға тиіс. Тұтас жуан негізгі сызық сызбада көрінетін сызықтарды бастыра жүргізу үшін қолданылады.




2. Үзілме сызық

Сызық бөлшектерінің ұзындығы 2мм-ден 6мм-ге дейінгі аралықта, ал олардың аралығы 1мм-ден 1,5мм-ге дейінгі аралықта алынады. Бұл сызықтардың жуандығы да тұтас жіңішке сызықтың жуандығындай болады. Үзілме сызық сызбада көрінбейтін сызықтарды көрсетілеу үшін қолданылады.




3. Тұтас жіңішке сызық

Осыны жуандығы негізгі сызықтың жуандығынан екі есе кіші болады. Шығару және өлшемлік сызықтары, проекция және координатта өлшеу, кинематикалық сызықтары, құрамын тікелей сызықты тұтас жіңішке сызықпен жүргізіледі.




4. Жіңішке нүктелі үзілме

Центрде, осьтерде, симметрияда қолданылады




5. Тұтас ирек сызық

Узу сызықтары үшін және тікелей көрінбейтін болу үшін қолданылады. Ирек сызық сызу аспаптарының кеміргісі құрамын жүргізледі.




6. Жуандатылған үзік сызық


Сызбада қиылыс жерлеріндегі қиылыс жерлеріндегі көрінбейтін сызықтарды көрсетіледі. Сызбадағы сызықтардың жуандығы 0,5 мм-ге тең болады. Бұл сызық екі бөлшектен тұрады. Бөлшектерінің аралығы құрамын немесе тікелей көрінбейтін қисықпен сызықпен белгіленеді.



7. Жіңішке қос нүктелі үзілме сызық

Бүтү сызықтары осы сызықтың кеміргімен көрсетіледі





Масштаб
(К) БЖ 2.304 – 81)



МАСШТАБ — нәрсенің сызда сызылған өлшемі мен оның нақты қолданыстағы өлшеміне қатынасы

кiшiрейту масштабы	1:2; АА1:2,5; АА1:4; АА1:5; АА1:10; АА1:15; АА1:20; АА1:25; 1:40; АА1:50; АА1:75; АА1:100; АА1:200; АА1:400; 1:500; АА1:800; АА1:1000
нақты масштаб	1:1
үлкейту масштабы	2:1; АА25:1; АА4:1; АА5:1; АА10:1; АА20:1; АА40:1; АА50:1; АА100:1

«Ұйқасын тап» әдісі

10-тапсырма. Топтарға таратпа материалдардағы геометриялық денелерді зерттеп, олардың көріністерін анықтап, және қажетті жазықтықтарға орындауды ұсынамын.

Тапсырма № 1 Жоғарыдан қарағандағы көрінісін тауып, нешінші нөмер екенін атаңыз?




«Таза тақта» (тақтаға бүгінгі орындалатын жұмыс барысын оқушылармен бірлесе жазу, сабақ барысында орындалған тапсырманы өшіріп отыру):

- тапсырманы орындауға қатысты құрал-саймандарды анықтау;
- кесіндіні тең бөліктерге бөлу;
- шеңберді тең бөліктерге бөлу.

«Кім білгір» ойыны

11-тапсырма. Оқушылардан күнделікті өмірде кездесетін түйіндесуге ұқсайтын мысалдар келтіруін ұсынылады.



Қалыптастырушы бағалауды жүргізу арқылы мұғалім білім алушылардың жаңа материалды меңгеру кезінде тапсырманы орындауын, оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелерге қаншалықты дұрыс жеткендігін түсінуге мүмкіндік беретін, күнделікті сабақта және/немесе үйде жұмыс жасау дағдылары мен білімдерінің меңгерілу деңгейін анықталады. Осының нәтижесінде сабақ барысында мұғалім мен білім алушы арасындағы өзара кері байланыс жүзеге асырылады.

Сабақ барысында түрлі әдістер мен формаларды қолдану білім алушыларды пәнді оқу ынтасын, пәнге деген қызығушылығы, сабақта белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

3 «Графика және жобалау» пәнінен қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеу және «есептелінді/есептелінген жоқ» қою бойынша әдістемелік ұсынымдар

Жаңартылған білім мазмұнын енгізу аясында мектептегі оқу процесін жүргізу барысында келесі жоспарлардың келесі түрлері анықталған:

- ұзақ мерзімді жоспар;
- орта мерзімді жоспар;
- қысқа мерзімді жоспар.

Ұзақ мерзімді жоспар Үлгілік оқу бағдарламасына қосымша ретінде беріліп, оқу бағдарламасымен бірге бекітілген құжат. Ұзақ мерзімді жоспарда әр сынып бойынша анықталған оқыту мақсаттарының жүйесін тоқсандарға бөлінген.

Әр тоқсанда көрсетілген оқыту мақсаты сол тоқсанда өтіледі және ол келесі тоқсанға көшірілмейді. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым Министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 (өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылдың 28 тамызында №373 бұйрықпен енгізілген) бұйрығына сәйкес «Графика және жобалау» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. Осыған орай, Ұзақ мерзімді жоспар өзгеріссіз алынады.

3-кесте – 10-сыныпта «Графика және жобалау» пәні бойынша Ұзақ мерзімді жоспар

Бөлім	Бөлімше	Тақырып/Мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Ақпаратты визуалдаудың графикалық әдістері мен құралдары	Ақпаратты визуалдаудағы кескіндердің ролі	Кескіннің мәні мен тарихы	10.1.1.1. - адам өмірінде және әртүрлі салада (ғылымда, техникада және өнерде) ақпаратты визуалды түрде берудегі кескіндердің ролінің маңызын білетінін және түсінетінін көрсету;
		Графикалық кескінді орындау әдістері	10.1.1.2. - графикалық кескінді орындаудың әртүрлі әдістері мен құралдарын білу
	Ақпаратты визуалдау құралдары	Негізгі сызу құралдары, жұмыстың тәсілдері мен жұмыс орнын ұйымдастыру	10.1.2.1. - негізгі сызба құрал-саймандарын білу; 10.1.2.2. - графикалық жұмыстарды орындауда сызба құрал-саймандарымен жұмыс жасаудың тәжірбиелік дағдыларын көрсету

	Сызбаны орындаудағы негізгі ережелер	Сызбаны безендіру ережелері (формат, масштаб, жазулар)	10.1.3.1 - стандарт бойынша сызба орындау мен безендіру ережелерін білу және сақтау; 10.1.3.2 - графикалық кескіндерді орындауда сызықтардың классификациясы мен түрлерін қолдану ережелерін білу
		Тәжірбиелік жұмыс (сызық түрлері, сызба қаріптері, өлшемдерді қою).	10.1.3.3 - негізгі жазулар мен өлшемдерді қою, сызба қаріптері, сызық түрлері, масштабтар туралы білімдерін көрсете отырып, графикалық кескін орындау
	Сызбадағы геометриялық құрылым	Шеңберлерді және бұрыштарды, кесіндіні тең бөліктерге бөлу	10.1.4.1 - сызбада геометриялық салуларды әр түрлі сызба құралдарымен орындау (кесіндіні бөлу, шеңберлерді және бұрыштарды тең бөліктерге бөлу)
Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру	Проекциялау әдістері	Түйіндесулер	10.1.4.2. - овал, қисық сызықтар және әр түрлі түйіндесу сызбаларының тәсілдерін көрсету
		Проекциялаудың негізгі әдістері	10.2.1.1 - проекциялау әдіс-тәсілдерін білу және түсіну
Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру	Проекциялау әдістері	Екі және үш жазықтыққа тік бұрыштап проекциялау	10.2.1.2 - екі немесе үш жазықтыққа проекциялаудың сызбадағы қажетті түрлерінің санын анықтау және білу; 10.7.1.1 - қызық есептер (мысалы: пропедевтикалық, эвристикалық) шығару барысында ұтымды жолдарды ұсыну
		2-тоқсан	
Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру	Графикалық кескіндердің негізгі түрлерін құрастыру тәсілдері	Аксонометриялық проекциялар	10.2.2.1 - тегіс геометриялық денелер мен көлемді бұйымдарды құру тәсілдерін білу және түсіну (аксонометрия); 10.2.2.2 - заттың (дененің) берілген көріністері бойынша, құрылымдау ережелерін білетінін көрсете отыра аксонометриялық проекцияны орындау; 10.7.1.1 - қызық есептер (мысалы: пропедевтикалық, эвристикалық) шығару барысында ұтымды жолдарды ұсыну

		Техникалық сурет және нобай	10.2.2.3 - нобай мен техникалық сурет ерекшеліктерін анықтау және білу
	Заттың (геометриялық денелердің) сызбаларын оқу және орындау	Сызбаға өлшемдерді қою	10.2.3.1. - бұйымдардың геометриялық формасының қасиеттерін ескере отырып, сызбаға өлшемдерді қоюды білу және қолдана алуларын көрсету
		Сызбадағы шарттар мен жеңілдетулер	10.2.3.2 - сызбада шарттар және жеңілдетулерді пайдаланып, проекциялау тәсілдерін қолдану туралы терең білімдерін көрсету
		Сызбаларды орындау және оқу	10.2.3.3 - бұйымдардың геометриялық формаларын талдау барысында сызбаларды оқу және орындау; 10.7.1.1 - қызық есептер (мысалы: пропедевтикалық, эвристикалық) шығару барысында ұтымды жолдарды ұсыну
3-тоқсан			
Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру	Қималар мен тіліктер	Қима мен тілік түрлері	10.2.4.1 - сызбадағы қима мен тіліктердің біртұтастығын (маңыздылығын) білу және түсіну; 10.2.4.2 - сызбада қима мен тілікті кескіндеу ережелерін білу және қолдану; 10.2.4.3 - қима мен тіліктерді орындау барысында шарттар мен жеңілдетулерді қолдану
Кескіндерді түрлендіру	Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру	Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру (графикалық жұмыс)	10.3.1.1 - проекциялау әдістерін өзгерту арқылы заттардың (денелердің) сызбаларын орындау; 10.3.1.2 - кескіннің түрі мен құрамын өзгерту (кескінді ауыстыру) арқылы немесе кескіннің масштабын өзгерту арқылы заттардың (денелердің) сызбаларын орындау
	Кескіндерді қайта құру (реконструкция)	Кескіндерді қайта құру (реконструкция)	10.3.2.1 - ішінара кескіндері арқылы нысанның (заттың) толық көрінісін жаңадан жасау; 10.3.2.2 - ауызша сипаттау арқылы геометриялық денелердің графикалық

			кескінін немесе сызбасын құру
Форманың қалыптасуы және құрылымдау	Геометриялық денелердің формаларының қалыптасу заңдылықтары	Геометриялық денелердің формаларының қалыптасу заңдылықтары	10.4.1.1 - геометриялық денелердің формаларының қалыптасуының негізгі заңдылықтарын және принциптерін білу; 10.4.1.2 - әртүрлі беттер мен форма құрастыру тәсілдерін білу және түсінгендерін көрсету (көпқырлы және қисық беттер)
	Формаларды құрылымдау	Заттардың (геометриялық денелердің) формаларын құрылымдау	10.4.2.1 - берілген көрсеткіштер бойынша формаларды құрылымдау; 10.7.1.1 - қызық есептер (мысалы: пропедевтикалық, эвристикалық) шығару барысында ұтымды жолдарды ұсыну
	Беттің жазбалары	Геометриялық дене (заттардың) бетінің жазбалары	10.4.3.1 - жазылатын және жазылмайтын беттердің кескіндерінің ерекшеліктерін білу және түсіну; 10.4.3.2 - қарапайым геометриялық денелердің жазбасының сызбаларын орындау
4-тоқсан			
Форманы түрлендіру	Зат формасын түрлендіру	Зат формасын түрлендіру	10.5.1.1 - бөлшектерін жою және басып шығару арқылы зат формасын түрлендіру
